



*Ел жүргі - елорда шекіресі*

# АСТАНА АКШАМБЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

## **Балаларды өнерге баулыған**

**«Астана Опера» театрының театралдық балалар студиясына 5 жыл толды. Осылай орай, студияның тәрбиеленушілері мерекелік концерт өткізді.**



Концерттік бағдарламаға Ж.Бизенің «Кармен» операсынан марш, «Япрай» халық әні, Дж.Пуччинидің «Турандот» операсынан үзінді енгізілді. В театр маусымының репертуарынан да туындылар шырқалды.

«Концертке студиямыздың ашылған сәтінен бастап күні бүгінге дейін шығармашылықпен айналысатын балалар, соңғы екі-үш жылда келіп қосылған балалар да қатысты. Балаларда асқақ өнерге деген ұмтылыс бар. Көпшілігі алдағы уақытта қызметтерін театрмен байланыстырып, өздері үшін осылай шешім қабылдап қойған» дейді хор студиясының жетекшісі Алтынғаным Ахметова.

Бұл концертте кіші топтағы ұлдар итальян әншісі Робертино Лореттидің репертуарынан танымал Santa Lucia, O sole mio, Funiculi funikula және тағы басқа туындыларды орындағы. Жасы үлкен топтағы қыздар күрделі бағдарлама даярлаған. Олар көп дауыспен шырқалатын шығармаларды ұсынды.

Балет студиясының жас әртістері кең ауқымды бағдарлама әзірлеп, «Шолпы» қазақ халық биі, Й.Байердің «Қуыршактар перісі» балетінен вариация, Л.Минкустың «Баядерка» балетінен полька, Л.Минкустың «Дон Кихот» балетінен Китридің вариациясы және өзге де нөмірлермен кештің көркін қызыдыра түсті.

— Алғашқы мерейтойда жас әртістер үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Қазіргі таңда студия тәрбиеленушілері Қазақстанның, алыс-жақын шетелдердің жоғары оқу орындарында білім алғып жатыр. Жас әншілер мен бишілер ересек әртістермен бірге концерттік бағдарламаларға, спектакльдерге қатысып, тіпті гастрольдік сапарларға да шығады. Студияда өнерге деген қызығушылығы мол, сахналық дарыны мен музыкалық қабілеті бар балалар

білім алуда. Студияның ең жас қатысушылары бүгінде 7 жаста. Балалардың тұлға ретінде қалыптасуына көмек беру бізге өте маңызды. Егер бала саналы өмірінде әртіс немесе музыкант мамандығын таңдайтын болса, ол үлкен табыстарға жетеді. Ал егер бұл жолға түспесе, онда олар басқа салаларда жетістіктерге ие болары сөзсіз. Себебі балалық шағында қалыптаса бастаған актерлік шеберліктің арқасында ол өзін ерікті әрі еркін сезіне алады. Осының бәрі оған есейген шағында биік шындарды бағындырып, талай асулады алуына көмектеседі, – деді «Астана Опера» театрының режиссері, актерлік шеберлік сабактарының оқытушысы Наталья Кагадий.

Көрермендер Дж.Пуччинидің «Богема», «Тоска», Ж.Бизенің «Кармен», сондай-ақ, Е.Брусиловскийдің «Қызы Жібек», М.Төлебаевтың «Біржан–Сара» операларынан хор студиясының тәрбиеленушілерінің өнеріне қол соқты. Ал балет студиясының жеткіншектері «Дон Кихот» қойылымында аты аңызға айналған миландық Ла Скала театры әртістерімен, сонымен қатар Мария театрының гастролі аясында Рихард Вагнердің «Рейн алтыны» операсында майталмандармен бірге сахнада өнер көрсетті. Хор және балет студиясының тәрбиеленушілері симфониялық оркестрмен, сонымен бірге ересек әртістермен бірге тұнғыш рет «Пер Гюннтің саяхаты» атты бірегей жобасына қатысты.